

ТАРИХТЫҢ ҚАРАЛЫ БЕТТЕРІНІҢ БІРІ – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН

**31
МАМЫР**



**САЯСИ
ҚУҒЫН-СҮРГІН
ЖӘНЕ
АШАРШЫЛЫҚ
ҚҰРБАНДАРЫН
ЕСКЕ АЛУ
КҮНІ**

Ресми деректер бойынша, Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады. 25 мыңнан астам адам ату жазасына кесілді. Олардың арасында ғалымдар, мәдениет және саясат саласының қайраткерлері, дәрігерлер болды.

1921 жылдан 1954 жылға дейінгі кезеңде бүкіл одақта саяси баптар бойынша сотталғандардың жалпы саны 3 миллион 777 мыңға жетті. Оның ішінде 642 мыңына қатаң жаза жарияланды.

Тарихи деректерге сәйкес, 1932-1933 жылдары ең кемі 2 миллион қазақ аштықтан ажал құшты. Ал 200 мың қазақ басқа мемлекеттерге көшіп кетті.

Қазақстанда ғана емес Ресей, Украина, Беларусь жерлерін қамтыған алапат ашаршылық 7 миллион адамның өмірін жалмады.

Қазақ елінде алдымен Алаш қайраткерлері тұтқындалды. Оларға «ұлтшыл» деген айып тағылды. Салдарынан Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынов, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Абдулла Розыбақиев, Тұрар Рысқұлов, Мұхамеджан Тынышбаев, Ілияс Жансүгіров және тағы басқа зиялылар ату жазасына кесілді.

Түрлі ұлт өкілдері қудаланды. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен 5 миллионнан астам адам жер аударылды. Әр жылдары елге 800 мың неміс,

102 мың поляк, 19 мың корей отбасы, 507 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, сондай-ақ Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар және басқалар жеткізілді.

Қазақстан аумағында лагерлер мен қамау орындары бас басқармасы жүйесінің (ГУЛАГ) 11 мекемесі жұмыс істеді: Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР), Қарағанды еңбекпен түзету лагері (Карлаг), Дальний, Степной, Песчаный, Камышлаг, Ақтөбе, Жезқазған лагері, Петропавл лагері, Кингир және Өскемен лагері. Қазақстандағы лагерьде 62 ұлт өкілі жазасын өтеді. Онда әйелдер 18-20 сағат жұмыс істеді. "АЛЖИР" лагерінің жанында "Жалаңаш" келі жағасында әйелдер қамыс шапты. Олар күніне 40 бау қамыс жинауы керек еді. Егер бұл талапты орындамаса, оларға бір тілім нан да, тамақ та берілмеген.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша жұмыс басталды. Тәуелсіз республикада қабылданған алғашқы заңдардың бірі 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң болды.

2020 жылы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен мемлекеттік комиссия құрылды. Мемлекеттік комиссия мұрағаттық зерттеулер жүргізеді.

ЖАСТАР ҒЫЛЫМҒА НЕГЕ АЗ КЕЛЕДІ?

Мәжілісте өткен үкімет сағатында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жастардың ғылымға неге аз баратынын түсіндірді. Ол жас ғалымдардың табысы басқа мамандармен салыстырғанда аз екенін атап өтті.

«Біз неге PhD ғылыми дәрежесіне гранттар беріп жатырмыз? Жастар PhD-ді қорғай алмай кетеді немесе PhD дәрежесін қорғап, жоғары оқу орындарына не ғылыми зерттеу институттарына бармайды немесе онда 1-2 жыл ғана жұмыс істеп, кетіп қалады. Жастар ғылымға аз келеді. Осы мәселені зерттегенде шектеулер барына көзіміз жетті», – дейді Саясат Нұрбек.

Министрдің айтуынша, сол шектеулердің бірі – PhD дәрежесін қорғау үшін халықаралық беделді журналдарға мақала жариялау керек. Екіншіден, жас ғалым PhD қорғап, жоғары оқу орнына келгенде ол оқыған 4 жыл есептелмейді.

«Ол аға оқытушы, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент) лауазымына конкурсқа тапсыра алмайды. Сондықтан олар қиналады, жалақы да аз. Күнделікті өмірдегі мәселелер басталады. Осылайша, олар ғылымнан кетіп қалады».

Осыған байланысты министрлік 2021 жылы қабылданған заңның аясында жас ғалымдарға гранттар бере бастады.

«Бұл – жас ғалымдарды аяғынан тұрғызатын шара. Мұнда 3 жылдық бағдарламаға, яғни осы грант аясында 500 мың теңге айлық көзделген. Оған 2013 жылдан бастап PhD ғылыми дәрежесін қорғағандар қатыса алады. Соңғы екі жылда 3 конкурс жарияладық. Нәтижесінде 881 ғылыми жоба қатысып, жас ғалымдарымыз грант ұтып алды», – дейді ведомство басшысы. Саясат Нұрбектің айтуынша, министрліктің мақсаты – жыл сайын осы жоба аясында мыңға жуық грант беріп, жас ғалымдарға қолдау көрсету.



**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БІЛІМ
ФОРУМЫ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?**

2 бет



**БАБАДАН
ҚАЛҒАН
ЖӘДІГЕР**

3 бет



**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҚҰҚЫҒЫ»
ЖОБАСЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ**

5 бет



**УВЕРЕННЫЙ ШАГ В
СВЕТЛОЕ БУДУЩЕЕ**

8 стр.



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БІЛІМ ФОРУМЫ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Ұлыбританияның Білім жөніндегі Мемлекеттік хатшысы Джиллиан Киганның шақыруымен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Лондонда өткен 19-шы жыл сайынғы Дүниежүзілік білім форумына қатысты.

Форум алаңында Министр Саясат Нұрбек Индонезияның білім, мәдениет, зерттеулер және технологиялар министрі Надим Макариммен, Гонконгтің Білім министрі Christine Choi Yuk-lin-мен, Әзербайжан Республикасының Ғылым және білім министрі Эмин Амруллаевпен сындарлы келіссөздер өткізді.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өзінің жеке парақшасында еліміздің студенттері Гонконгте грант арқылы оқуға мүмкіндік алатындығын жазған болатын.

– Гонконг университеттері әлемдегі ең үздік оқу орындарының рейтингіне кіретіні бәрімізге мәлім. Бүгін министр Christine Choi Yuk-lin-мен біздің министрлік және Гонконгтің Білім министрлігі арасындағы қол қойылады деп жоспарланған меморандумда көрініс табуы тиіс мәселелерді талқыладық. Соның бірі – Гонконг тарапының біздің студенттерге гранттар бөлуі. Қорытынды құжатқа осы жылдың жазында қол қоюды жоспарлап отырмыз – деп жазды ведомство басшысы.

Министр сонымен қатар Christine Choi Yuk-lin-ге қазақстандық ғалымдардың Гонконгте «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде



(әсіресе «DeerTech» бағыты бойынша зерттеулер мен әзірлемелер саласында) тағылымдамадан өту мәселесін қарауды ұсынған.

Кездесу соңында министрге Қазақстанның жоғары білім беруді интернационалдандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстары, оның ішінде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу процесі айтылды.

Саясат Нұрбек «Educational Testing Service» компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Амит Севакпен келіссөздер жүргізіп, нәтижесінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен ETS арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Ол ETS-тің жаңа тест орталықтарын ашу жоспарын бекітіп қана қоймай, ынтымақтастықтың басқа да бағыттарын, оның ішінде ағылшын тілін оқыту әдістемесін дамытуды да айқындайды.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ІРІКТЕУ САЙЫСЫ

«Қазақ күресі» халықаралық және әлемдік деңгейде дамыған спорт түрлерінің бірі. Ұлттық спортымызды одан ары дамыту кезеңдерінің бірі оны Олимпиадалық ойындар бағдарламасына енгізу.

Университетімізде «Дені сау ұлт» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Спортклубтың жұмыс жоспарына сәйкес, студенттер арасында қазақ күресінен «Ұлттық Студенттік Лигасына» іріктеу жарысы өтті.

Жарысқа 7 салмақ дәрежесі бойынша 6 команда қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша әр салмақ дәрежесінің жүлдегерлері мен жеңімпаздары анықталды.

55 кг салмақ дәрежесінде I-орын Серікбаев

Нұржан (Дене шынықтыру және өнер ЖМ), II-орын Төлеу Сержан (Дене шынықтыру және өнер ЖМ), III-орын Ниязбаев Темірлан (Дене шынықтыру және өнер ЖМ).

60 кг салмақ дәрежесінде I-орын Байгонов Ильяс (Құқық және экономика ЖМ), II-орын Шаримхан Расул (Жансүгіров колледжі), III-орын Қыстаубаев Қанат (Жансүгіров колледжі), 66 кг салмақ дәрежесінде I-орын Ахметжанов Даниял (Құқық және экономика ЖМ), II-орын Құнапия Сержан (Құқық және экономика ЖМ), III-орын Нұғманов Мадияр (Жансүгіров колледжі). 74 кг салмақ дәрежесінде I-орын Айтбаев Әділжан (Жансүгіров колледжі), II-орын Болатбеков Асхат (Дене шынықтыру және өнер ЖМ), III-орын Кеңесбек Фархат (Дене шынықтыру

«РоботЖУ – 2023» ОЛИМПИАДАСЫ ӨТТІ



Жуырда облыстық «РоботЖУ – 2023» олимпиадасы өтті. Жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту мақсатында Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің робототехника және мехатроника зертханасы ұйымдастырды. Жарысқа Жетісу облысының 11 мектебінен 13 команда, яғни 40-тан астам оқушы қатысты. Еске салсақ, университет ректоры Қуат Баймырзаевтың ұсынысымен 2016 жылдан бастап Жетісу облысының 15 мектебінде «Робототехника» кабинеттері ашылған болатын.

Серпантин байқауында роботтар мәреге дейін лабиринт пен кедергілер сызығынан өтіп, сумо байқауында ереже бойынша екі роботтың бірі екіншісін төңкеріп, шеңбер сызығынан сыртқа шығарып тастады.

LEGO Mindstorms EV3 базасы номинациясында бірінші орынға Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Қ. Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы, «Vertu» командасы ие болды. Жаркент қаласы, Еңбекші орта мектебі, «Alpha» командасы жүлделі

II орынға жайғасты. III орынды Жаркент қаласы, Б. Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы, «CrazyBots» тобы қанжығасына байлап қайтты.

Arduino және Raspberry Pi микроконтроллер базасы номинациясында бірінші және үшінші орынды Алакөл ауданы, Жыланды ауылы, дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернаты «Smart Team» және «Толағай» командалары жеңіп алды. Ал II орынға Талдықорған қаласы, №28 ІТ мектеп-лицейі «TKRobotics» командасы ие болды. Жеңімпаздар бағалы сыйлық, дипломдармен марапатталды.



және өнер ЖМ). 82 кг салмақ дәрежесінде I-орын Жумабеков Жақсылық (Техникалық ғылымдар ЖМ), II-орын Бақыт Мәди (Құқық және экономика ЖМ), III-орын Бектай Бауыржан (Құқық және экономика ЖМ). 90 кг салмақ дәрежесінде I-орын Кабдрахимов Әлібек (Техникалық ғылымдар ЖМ), I-орын Талғат Әмір (Құқық және экономика ЖМ), III-орын Әбдіқалым Нұрбек (Жансүгіров колледжі). 100 кг салмақ дәрежесінде I-орын

Үмітбеков Бағжан (Дене шынықтыру және өнер ЖМ), II-орын Ашенов Анвар (Құқық және экономика ЖМ), III-орын Ерик Санжар (Құқық және экономика ЖМ).

Жүлделі орынға ие болған студенттер I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы – Ректордың кубогы, арнайы грамоталары және медальдарымен марапатталды.

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҚҰҚЫҒЫ» ЖОБАСЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Халықаралық ынтымақтастық жоғары оқу орындары қызметінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол – жаңа білімді зерделеуде әлемдік көшбасшылық стандарт пен озық үрдістерді белгілейді. Онсыз қазіргі ғылым мен білімді елестету мүмкін емес. Мұндай ынтымақтастық университеттерге ғылыми-зерттеу мен білім беру қызметінде тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен жобаларды жүзеге асыру, халықаралық ғылыми және академиялық серіктестіктер мен консорциумдарға қатысу арқылы еуропалық және әлемдік білім беру жүйесіне енгізіледі.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті он жылдан астам Еуропаның және

Екіжақты ынтымақтастықты дамытуға жаңа серпін берген – «Орталық Азия құқығы: Орталық Азиядағы құқықтық мәдениет және іскерлік орта» халықаралық жобасына университеттердің қатысуы.

Еуропалық Комиссияның Horizon-2020 MSCA-RISE бағдарламасы (жоба нөмірі 870647) қаржыландыратын бұл 4 жылдық зерттеу және оқыту жобасы Орталық Азиядағы құқықтық мәдениет, басқару және іскерлік орта арасындағы байланыс туралы жаңа білім алуға бағытталған жоба.

Ғылыми жобаны Еуропа мен Орталық Азияның 11 еліндегі 14 оқу орны жүзеге асыруда: жоба координаторы – Лунд университеті (Швеция), қатысушылар – Цюрих университеті (Швейцария), Манчестер университеті

институты (Тәжікстан). Аталған жоба шеңберінде еуропалық және ортаазиялық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының ғалымдары бірлескен зерттеулер жүргізумен қатар тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

«Орталық Азия құқығы» жобасы аясында 2023 жылдың 1 наурызы мен 30 сәуірі аралығында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қызметкерлері ғалым хатшы, т.ғ.к. Н. Байғабатова және «Рухани жаңғыру» ғылыми-зерттеу орталығының кіші ғылыми қызметкері, магистр Ә. Қашағанова Цюрих университетінің өлеуметтік-мәдени антропология департаментінде (Швейцария) 2 айлық ғылыми тағылымдамадан өттік.

Цюрих университетінің ғалымдары профессор П.Финке, PhD М.Санжак, PhD В.Герцогпен апта сайын консультация жүргізіп, жоғарыда аталған жобаны жүзеге асырудың алдағы жоспарлары, бірлескен зерттеулердің нәтижелері талқыланды. Сондай ақ, ғылыми мақалалар дайындалды, олар әлемдегі жетекші баспалардан шығатын кітаптарда жариялануы жоспарлануда.


Тәжірибе барысында Цюрих университетінің жетекші оқытушылардың дәрістеріне, семинарлар мен апталық коллоквиумдарға қатысып, университет пен қала кітапханаларының қорларын еркін пайдаландық. Сонымен қатар, Цюрих университетінің докторанты Т. Ронердің «The Edible Monotone. Gardening, Foraging and Human-Environment Relations in Post(industrial) Kazakhstan» тақырыбындағы докторлық жұмысын қорғауына, Невшател университетінің профессоры Д. Форнидің «Governing care in soil-human relations? Ethnography in the Terres Vivantes project» атты



ашық дәрісіне, Иллинойс университетінің профессоры Р.Занканың (АҚШ) ұйымдастырған «Ethnography, Economy and Ecology of Pastoralism in Kazakhstan. Capitalism and the Future of Central Eurasian Grasslands» воркшоп-дөңгелек үстеліне белсенді қатыстық.

Екі ай бойы әлемнің топ-100 университеті қатарына кіретін Цюрих университетінің қабырғасында құнды тәжірибе алдық, кәсіби деңгейіміз шыңдалды, жаңа парадигмалардағы жаңа көзқарастар мен идеялар пайда болды. Сондай-ақ, демалыс күндерімізді әлемдегі ең әдемі және ең бай елдердің бірі – Швейцарияның тарихы мен мәдениетін тануға арнадық.

Н.БАЙҒАБАТОВА,
Ә.ҚАШАҒАНОВА.



әлемнің жетекші университеттерінің бірі – Швейцариядағы Цюрих университетімен ынтымақтасып келеді. Осы жылдар аралығында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізіліп, конференциялар мен семинарлар өткізілді. Жазғы мектеп ұйымдастырылды. «Еуразиялық зерттеулер» орталығы ашылды. Цюрих университетінің бізге келген пост-докторанттары мен студенттері қазақ тілінен сабақ алып, этнография саласында зерттеулер жүргізді.

(Ұлыбритания), Карлов университеті (Чехия), Мармара университеті, Стамбул Медипол университеті (Туркия), Рига жоғары заң мектебі, Латвия университеті (Латвия), І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан), Ташкенттегі Вестминстер халықаралық университеті (Өзбекстан), Өзбекстанның Бас прокуратурасының академиясы, SIAR ғылыми-консалтингтік орталығы (Қырғызстан), Тәжік техникалық университетінің Худжанд политехникалық

КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ДЕРТПЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІЗ?

Соңғы уақытта балалар мен жасөспірімдер арасындағы қорқытып-көрсету, зорлық-зомбылық, тіпті ажал құштыру сияқты ауыр қылмыстық жағдайлар жиілеп кетті. Мәселен, Өскемен қаласындағы қыздар төбелесі, Түркістан облысындағы өрімдей оқушы қыздың өлімі, Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты ауылындағы мектептегі әлімжеттіктен екі баланың қайтыс болуы.

Мұндай адам құқығының өрескел бұзылуын - буллинг пен кибербуллинг деп атап жүрміз. БҰҰ Қазақстанда зерттеу жүргізген кезде біздің елдегі балалардың 79 пайызы сәби күнінен бастап көмсіту мен қорлыққа тап болатынын анықтапты. Яғни, еліміздегі 11-15 жас аралығындағы әр бесінші оқушы қатарластарынан буллинг көреді екен.

Өткен жылы ҚР кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен



толықтырулар енгізіліп, «Баланы жәбірлеу (буллинг)», «кибербуллинг» ұғымдары қазақстандық заңнамада бекітілді деп қуандық.

Түрлі цифрлы гаджеттер балаларға ерте жастан қолжетімді болғандықтан ба, кибербуллинг өршіп тұр. Атауы қазаққа жат, көзге көрінбейтін дертпен күресу үшін не істеу ке-

АЙТАРЫМ БАР

рек?

Әрбір үшінші ата-ана баласының ғаламторға тәуелді екенін айтады. Осы орайда интернет әлемінде баланың құқығын қорғау мәселесі туындайды. Қоғамда балалардың бұзақылық әрекетіне мектеп мұғалімдерін кінәлайды. Ал мектеп мұғалімдері ата-ана жауапсыздығын алға тартады.

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», деп әл-Фараби бабамыз айтқандай, жас ұрпақ қатігез болмау үшін, алдымен, білім емес, ұлттық тәрбие керек-ақ. Қазір «ата-әжелер» институты деп аталатын тағылымы мол тәрбие мектебі жоқ. Ертегі тыңдайтын бала ютуб пен тиктокта отыр. Бүгінгі оқушылар қазақ әдебиеті сабағында аспан денелерін, ғарышты, биологияны оқимыз дейді. Ерлікті, елдікті, достық пен сүйіспеншілікті деріптейтін батырлар жыры мектепте қалай оқытылып жүр? Алаш арыстары, ұлттық құндылықтарымыз, отбасы құндылықтары, батыр бабаларымыздың ерлігі мен өнегелі еңбегі қосымша пән ретінде оқытылса да, артықтық етпес еді.

Салтанат НҰРБОЛАТ,
ЖҚ-412 топ студенті.



ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАҢУ

Қазіргі таңда жоғары білімнің дамып, табиғатының терең өзгеріп, сонымен қоса, көптеген заманауи әдіс-тәсілдердің пайда болуына куә болып отырмыз. Интерактивті оқыту әдістерінің маңызы күннен күнге артып келеді. Осы кезге дейін олар санаулы ғана ұстаздардың тәжірибесінде болса, бүгінде оларды дамытып, оқу-тәрбие үрдісіне енгізу әрбір оқытушының талабына айналып отыр.

Жоғары мектептегі интерактивті оқыту әдістерін тиімді пайдалану қазіргі таңда өзекті әрі тиімді әдіс десек, артық айтпаймыз.

Интерактивті әдістер (ағылшын тілінен interaction – өзара әрекеттесу, бір-біріне әсер ету) дегеніміз бұл – белсенді әдістерді сабақта үздіксіз қолдана отырып, демократиялық қоғамға қажетті белсенділік дағдысын шыңдап, дамыту әрі білім алушылардың бір-бірімен қарым-қатынасына негізделген оқыту әдісі.

Интерактивті әдістер арқылы білім алушылар бір-бірімен өзара әрекеттеседі, ақпарат алмасады, мәселелерді бірлесіп шешеді, ситуацияларды модельдейді, басқалардың іс-әрекетін және өзінің мінез-құлқын бағалайды. Оның мақсаттарының бірі – оқу үрдісін нәтижелі етіп, оқуға қолайлы жағдай жасау арқылы жоғары нәтиже, сыни ойлау және де шығармашылықтың жоғары деңгейіне жету. Интерактивті әдістердің ерекшелігі – білім алушылардың барлығы оқу үрдісіне белсенді қатысатындай, олардың білгенін, ойлағанын түсінуге және ой елегінен өткізуге мүмкіндік беретіндей ұйымдастырылғандығында.

Білім бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес 1-курс магистранттарына «ЖОО-да психологиялық пәндерді оқыту әдістемесі» оқу пәнінен психология ғылымдарының докторы, доцент Наубаева Хапиза Тәңірбергенқызымен «Жоғары мектептегі интерактивті оқыту әдістері» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Сабақ топ ішіндегі жағымды атмосфера қалыптастыру және негативті энергияны, психоэмоционалды стрессті төмендету мақсатында «Ақ парақ» жаттығуымен басталды. Одан әрі интерактивті әдістердің маңыздылығына қысқаша шолу жасай келе, Хапиза Тәңірбергенқызы практикалық сабақтарда интерактивті құралдарды қолдану мүдделілігіне жеке тәрбиесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты екенін атап өтті. Интерактивті құралдар оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайтынын, сондай-ақ білімгерлердің пәнге деген қызығушылығын арттыратындығын, интерактивті құралдарды орынды қолдану оқыту сапасын жетілдіруге көмектесетіндігін атап өтті.

Қазіргі уақытта интерактивті әдістердің жеткілікті түрлері бар, олардың арасында жұппен немесе үштікпен жұмыс жасау технологиясы, «Аквариум» технологиясы, «Браундық қозғалыс» технологиясы, «Шешім

ағашы» технологиясы, «Карусель» технологиясы, «Миға шабуыл» технологиясы және т.б. Аталған интерактивті әдістер білімнің белгілі бір көлемін беруге ғана емес, сонымен қатар білім алушылар арасында эмоционалдық байланыс орнатуға ықпал етеді, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, білім алушыларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге, топта жұмыс істеуге септігін тигізіп, басқалардың пікірін тыңдауға үйретеді.

Сабақ барысында интерактивті әдістердің практикада қолдануы көрсетілді. Интерактивті әдіс туралы білімдерін бекіту мақсатында «Kahoot» әдісі жүргізілді. «Kahoot» әдісін өткен сабақты еске түсіру және бекіту, сондай-ақ жаңа сабақты пысықтаудағы тиімді әдіс екендігі нақтыланды. Білімгерлердің, яғни болашақ психолог мамандарының зейінін күшейту, өзіне деген сенімділігін артты-



ру, риск-менеджментті қалыптастыру, ораторлық қабілетті дамыту мақсатында «Brainstorming» интерактивті әдісі жүргізілді. Кәсіби білім, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру және креативтілігі мен сыни ойлауын дамыту мақсатында жүргізілген әдіс-«Жарнама» психологиясы. Бұл тартымды әрі қызықты болды. Жүргізу барысында топтағы магистранттардың басқалар білмейтін ерекше қабілеті көрінді. Ашық сабақ барысында қолданған интерактивті әдістің бір түрі – «Актерлық шеберлік» әдісі болды. Бұл әдістің мақсаты – жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, адамгершілік рухани қабілетін, әдеби шығармашылық қиялының дамуына жөне қалыптасуына жағдай жасау. Сабақ «Өрмекші торы» жаттығуымен аяқталды. Бұл жаттығу арқылы сабақ барысындағы әр магистранттың белсенділігі мен жетістіктері сарапталып, анализ жасаумен аяқталды. Қорытындылау барысында магистранттардың іс-әрекетінен көруге болатын жағымды жақтарды бір-бірімен пікір алмасу арқылы жеткізді.

Сонымен қатар, сабақты өткізудің интерактивті формаларына мән берілді. Атап айтсақ, олар:

- білім алушылардың қызығушылығын ояту;
- оқу үрдісінде барлығының белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- оқу материалын тиімді меңгеруге ықпал ету;
- кері байланысты қамтамасыз ету (аудиторияның жауабы);
- қатысушылардың пікірі мен көзқарасын қалыптастыру.

Сондай-ақ, сабақ барысында қатысушылар арасында жақсы қарым-қатынас, көтеріңкі көңіл-күй, белсенділік пен ынта-жігер және әр қатысушының жаңа қырлары ашылғандығы байқалды. Интерактивті оқыту әдістерін сабақта қолдану ойлау қабілетін қалыптастырып, проблемалық

ӘР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС!



Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту жолындағы стратегиялық маңызды мәселелерді айқындап, қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге, жаңғыртуға бағытталған негізгі басымдылық еліміздің дамуының барлық салаларын қамтиды, соның ішінде заңның үстемдігін қамтамасыз етуге арналған.

Бүгінгі күні көтерілген мәселе сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тәжейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке қарай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Жемқорлық ұғымы заманауи құқықтық сөздік қолданысында кеңінен қолданылады және терең тарихи тамыры бар. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі – лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің өз қызметтерінде сараңдық мен сатқындық танытуы.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзиреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндет.

Елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасалуда. Басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күресуге аударылып отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты.

Баян БИКЕМБАЕВА,
әдіскер.

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№12 «Байтерек» бөбекжай» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Ақмарал АСҚАРБЕК,
педагогика және психология БББ-ның 1 курс магистранты.

Сочину Сергею Анатольевичу 60 лет!

6 мая преподавателю-лектору общеобразовательной программы общего развития, к.п.н. Сочину Сергею Анатольевичу исполнилось 60 лет. Он родился в г. Талды-Курган, учился в СШ №8 им. Н. Островского, в 1980 году поступил в Ермаковский техникум физ. культуры. В 1986 г. поступил в Талды-Курганский педагогический институт на специальность «Начальная военная подготовка и физическая культура», окончил в 1990 году с отличием. И прошел путь от учителя СШ, преподавателя ВШ до кандидата наук, заместителя декана по учебной работе, заведующего кафедрой начальной военной подготовки, заведующего кафедрой общего развития, декана факультета физ. культуры и искусства, декана факультета педагогики и психологии ЖУ.

Сегодня мы по праву можем гордиться такими выпускниками нашего

факультета, как Маулен Мамыров. Он же заслуженный мастер спорта РК по вольной борьбе, бронзовый призер XXVI летних Олимпийских игр 1996 г. в г. Атланта, бронзовый призер чемпионата мира 1997 г. в г. Красноярск, чемпион 12-х летних Азиатских игр 1994 г. в г. Хиросима, бронзовый призер 13-х летних Азиатских игр 1998 г. в г. Бангкок, заслуженный мастер спорта РК. А также Аскар Шалкибеков – мастер спорта, руководитель профессионального волейбольного клуба «Жетысу» Алматинской обл. и др.

В 2010 г. Сергей Анатольевич окончил Академию экономики и права им. У. А. Джолдасбекова. В этом же году при диссертационном совете Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова защитил кандидатскую диссертацию по теме «Формирование готовности будущих учителей начальной военной подготовки к военно-патриотическому воспитанию старшеклассников». В разные годы под руководством

Сочина С. А. были выполнены темы научно-исследовательской работы студентами, магистрантами по военно-патриотическому, физическому воспитанию, спортивной деятельности молодежи. Результаты многолетних научно-практических исследований совместно с ППС были изложены в учебно-методических пособиях «Қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі негізінде білімгерлердің өскері-патриоттық тәрбиелеуге дайындығын қалыптастыру», «Педагогикалық іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу», на которые были получены авторские права. Сергей Анатольевич в нашем университете работает более 33 лет и является автором около 100 научных публикаций во внутривузовских, республиканских и международных изданиях. Был награжден знаками «Отличник образования», «Ерен еңбегі үшін» ЖУ, грамотами МОН РК, акима Алматинской обл.

Мы, профессорско-преподавательский состав ВШ физической культуры



и искусства, поздравляем Сергея Анатольевича Сочина с его 60-летием и желаем большого запаса здоровья, моральных сил, ощущения бодрости и чувства оптимизма. Оставайтесь всегда на высоких ступенях счастья, мира и благополучия. Пусть сопутствует удача на работе, а достаток – в доме.

СЕРДЦЕ, КАК ПЕСНЯ, ЛЕТИТ ИЗ ТРУДИ

Ко Дню глобальной любви, отмечаемый 1 мая, мы решили узнать мнение наших студентов о том, что такое любовь. Дата была установлена Фондом Любви в 2004 году. Философия Дня довольно проста и понятна для всех людей – симпатия через всеобщую гармонию и гармония через всеобщую симпатию. В бурно развивающемся мире человечество всё чаще забывает не только об окружающей среде и его растущих проблемах, но даже и о близких людях, которые требуют тепла и внимания.

Понятие глобального сближения противопоставляется популярной в настоящее время роману одномерному, который, согласно философии, тесно ограничен только одной стороной: привязанность к предметам, вещам, власти, богатству, религии, искусству. Аспект показывает несостоятельность односторонних чувств в будущем всей человеческой цивилизации, и как следствие, приведение её со временем к душевной и психологической катастрофе.

Стремление к глобальной гармонии и счастью всего человечества невозможно без тепла ко всему, что окружает цивилизацию. Именно всестороннее проявление этого чувства, по мнению философов, будет способствовать рождению новой эры для человеческой расы и планеты в целом.

Мерей КУДАЙБЕРГЕНОВА: Как знать...

Я бы сказала, что тесную связь нельзя искать в песнях, в настроении музыкантов, в строфах поэтов. Меня больше всего беспокоит вопрос о том, как можно узнать или почувствовать, что кто-то действительно неравнодушен к тебе? Будет ли он рад видеть меня после тяжелого дня? Уважает ли человек мое мнение? Ведь притяжение начинается с дружбы, взаимопонимания, общих целей, интересов, стремлений. А что начинается с любви? Все: жизнь, работа, искусство. Даже такие чувства, как ненависть и ревность.

Для того чтобы быть счастливым, человеку мало души не чаять в ком-либо, важно быть нужным. Некоторые владеют искусством сострадать. Но чтобы достичь этих вершин человеческого духа, необходимо пройти до конца по ступеням самосовершенствования.

Арсен КАЗТАЙ: Мир во всем мире! Вы знаете, слабая струна души спо-



собна полностью преобразить человека, открыть ему необъятную глубину его внутреннего мира. Помогает ему обнаружить в себе силы, о наличии которых он сам даже не подозревал. Но, увы, нередко приносит страдания и муки, она зачастую ранит человеческое сердце и обрекает его на боль неразделенного и безответного чувства.

Из трех элементов духовности на первом месте стояли: вера, ислам, а уж затем страсть и разум. Чтобы обрести мир во всем мире необязательно спасать его. Любовь это и есть Мир. Каждый должен открыть ее в своем сердце, понять и прочувствовать. Лишь только так жить станет проще. Нравственные нормы нужно соблюдать не только из-за страха перед наказанием, но из-за высокой сознательности, стремления действовать на благо всему человечеству.

Назерке НАБИКЕНОВА: Реальна ли любовь в интернете?

Но на мой взгляд в современном мире общение в соцсетях стало достаточно распространенным явлением. По средствам виртуального общения, переписки, действительно можно создать достаточно близкую связь, особенно, если в какой-то момент общение переходит в формат достаточно открытых диалогов, совпадают интересы, чувство юмора, возможно, какие-то ценности, о которых говорит собеседник. Но, к сожалению, без реальных встреч и достаточного количества проведенного вместе времени, то есть вживую, это общение носит довольно однобокий формат. Это похоже на встречу двух фантазий. Приходится много додумывать. Человек представляется не таким какой он есть на самом деле...

Иногда мне самой смешно лишь только от мыслей, что вдруг у меня спросят как мы познакомились. И я отвечу так сухо «в просторах интернета». А хотелось бы рассказать такую же долгую, интересную и захватывающую, непредсказуемую историю любви, как у наших родителей.

Нурила КАРИМАНОВА: Будь человеком!

Вечные темы добра и зла, справедливости, совести, веры – это то, что волнует человечество прежде всех прикладных и приносящих пользу вопросов. И этика Абая звучит ныне как мощный призыв ко всем, кто еще жив: «Будь человеком!» Ведь мы все гости на этой земле. И незачем в наш короткий срок завидовать, ссориться, враждовать, умирая духовно, еще до физической смерти. Человек живет, когда он верит, стремится к справедливости и отстаивает свою честь.

Каждый понимает манию по-своему. Кто-то мечтает о дарах Афродиты, кто-то совсем в нее не верит. Человек однажды разочаровавшийся, боится снова обжечься. Однако без сердечных дел жить невозможно. Она проявляется не только в красивых вещах или дорогих подарках, близко к человеку необходимо знать, что есть кто-то, кто заботится, доверяет и нуждается в вас.

Один день, посвященный исключительно проявлению чувств, из жизни со всеми взлетами и падениями – это то, что нам всем нужно. Всемирный день Амура посвящен радости, миру и единству. Этот день не просто способствует переменам, он поощряет их в глобальном масштабе. Часто мы погружены в свои планы, заботы и проблемы и жалеем даже взгляда, не говоря уже о руке помощи, на окружающих нас людей, которые могут в ней нуждаться. Всемирный день призывает нас выйти за пределы самих себя, чтобы распространять безусловную преданность ко всем окружающим посредством самоотверженных поступков.

Так что, обнимаем ли вы незнакомца или оплачиваете счет, убедитесь, что Вы проводите день, даря частичку себя. Когда тот самый главный человек перед Вами, некогда смотреть по сторонам как в песне: «просто некуда отвести взгляд». И надо помнить, что в отношениях нужно давать столько свободы, чтобы человек сам хотел все чаще бывать рядом с вами.

В ЦЕЛЯХ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ В ЖУ ФУНКЦИОНИРУЕТ АНТИКОРРУПЦИОННАЯ КОМПЛАЕНС-СЛУЖБА. А ЧТО ТАКОЕ КОМПЛАЕНС И ДЛЯ ЧЕГО ОН НУЖЕН? ЧТОБЫ РАЗЛОЖИТЬ ВСЕ ПО ПОЛОЧКАМ, МЫ РЕШИЛИ ВЗЯТЬ ИНТЕРВЬЮ У АЗАМАТА ТЛЕУБАЕВА, КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕРА ВУЗА.

— Азамат Болатович, опишите, пожалуйста, свой путь в профессию.

— Ну, по специальности я юрист. Все началось, думаю, с поступления в колледж ЖГУ на специальность «Правоведение» в 2008 г. А после получил степень бакалавра в 2014 г. и 2016 г. магистра юридических наук. Во время обучения было много интересного: работа над научными и бизнес-проекта-



Азамат ТЛЕУБАЕВ

Здесь все очень индивидуально, в зависимости от сферы организации и квалификационных требований, предъявляемых к кандидату. Однако очень важно иметь хорошее знание законодательства и их правильное толкование, знание антикоррупционного и санкционного законов, основ государственных закупок, бизнес-процессов и т.д. Наверное, преимущество будут иметь как раз специалисты в области юриспруденции и экономики. Кроме того, будут важны навыки в области менеджмента и управления рисками. Хотя конечно, некоторые вещи изучаются уже в ходе деятельности. Если рас-

считывать университет, к тому, что было перечислено, нужно добавить и знания в области высшего образования, науки, то, как устроена система образования в нашей стране.

— **Какие основные барьеры нужно преодолеть молодому выпускнику, для того чтобы найти себя в новой профессии?**

— По моему мнению, нужно преодолеть себя и свою лень, а потом уже и ограничения в голове. В настоящее время, даже если и рынок достаточно конкурентный, у начинающего специалиста есть огромные возможности реализоваться в любой профессии. Главное, выбрать подходящее место, правильных людей и усердно работать над собой.

— **В то время как Вы ждете честности от общества, что требует профессия от Вас?**

— Требуется быть мультидисциплинарным специалистом, так как затрагивает действительно разные области функционирования организации. Необходимо быть разносторонним, чтобы понимать различные процессы, в частности юридические и экономические. Ты обязан быть в тренде, вести и направлять, так как от комплаенс-офицера зависит внедрение и ознакомление с инструментами комплаенса.

УВЕРЕННЫЙ ШАГ В СВЕТЛОЕ БУДУЩЕЕ

Нечестно нажитое впрок не идёт

ми, лекции отечественных и зарубежных ученых, юристов, экономистов. В период с 2013 по 2016 гг. со своими сокурсниками вел клуб разговорного английского, куда через руководство университета мы приглашали иностранцев, волонтеров. Также участвовал и вел дебаты, сам бывал судьей в дебатном турнире среди государственных служащих. Вообще, хотел бы поблагодарить своей Альма-матер, руководство, преподавателей, внесших огромный вклад в развитие и становление меня как гражданина, специалиста и юриста.

— **Вы ведь еще и обучались по академической мобильности, верно?**

— Да. В Варшавском университете в 2012-2013 гг. и в университете Генуи в 2015-2016 гг. Получил неоценимый опыт во время обучения. Поработал с такими авторитетными учеными, как Якуб Урбанек – римское и гражданское право, Моника Платек – сравнительное уголовное право, Лоренцо Ди Пепе – международное право.

— **И как давно Вы у нас в университете?**

— С 2016 г. Проработал на должностях помощника ректора, заместителя декана. С сентября того же года преподаю юридические дисциплины. Сейчас работаю в должности комплаенс-офицера.

— **Кстати, что такое комплаенс и для чего он нужен? Не могли бы более подробно рассказать об этом.**

— Есть такой интересный момент: многие ошибочно думают, что комплаенс переводится с английского как жалоба. Хотя эти два слова действительно похожи, но разница есть. И так compliance – соответствие, complain – это уже жалоба. Ну а основной целью деятельности комплаенс-службы является обеспечение соблюдения университета, конечно же, его работниками и обучающимися законодательства РК о противодействии коррупции, также реализация антикоррупционной политики, превенция коррупции. Она осуществляет свои полномочия независимо от исполнительного органа, то есть должностных лиц вуза. Вот так вот.

— **Есть ли карьерный рост в профессии?**

сии?

— Конечно. К примеру, юрист может работать как государственный служащий в юридическом департаменте, государственной и квазигосударственной организации. Может работать в суде или в правоохранительных органах: прокуратуре, полиции, антикоррупционной службе и службе экономических расследований, также инхаус юристом в частных компаниях. Кроме того, есть направление адвокатуры и консалтинга.

— **А что насчет Вашей сферы?**

— Комплаенса? Видите ли, тут уже круг выбора сужается, так как направление достаточно узкое и для многих отраслей относительно новое. Сейчас, трудно сказать есть ли карьерная лестница у специалиста по комплаенс. Путь в организации, скорее всего, будет от специалиста до руководителя отдела, если учитывать, что компания достаточно большая и имеет необходимость содержать целый отдел. Такое можно встретить в национальных холдингах и крупных компаниях, где существуют постоянные финансовые риски, большие экономические операции и работа с внешним, а также иностранным капиталом. Комплаенс-офицер на сегодняшний день может развиваться и быть востребованным специалистом в своей отрасли поэтапно, организуя работу по направлению превенции коррупции, минимизации коррупционных рисков, выявлению и урегулированию конфликта интересов, повышению корпоративной культуры, контролю прозрачности бизнес-процессов и финансовых рисков и т.д.

— **Нужно ли для комплаенса юридическое образование или знание юриспруденции?**

— По сути, необходимости в дипломе юриста или экономиста, для того чтобы стать специалистом в сфере комплаенса, нет.

— **Что важно для комплаенс-офицера, вне зависимости от сферы деятельности?**

— Безусловно, кроме опыта, и наличия соответствующих навыков необходимы личные качества специалиста. Комплаенс-офицер должен иметь высокие морально-этические принципы, быть честным и объективным.

— **С какими отделами Вы сотрудничаете?**

— Тут работа проводится в частности с Проектным офисом «Sanaly Uraq» и Отделом по социально-творческой работе. Отдельная благодарность им за огромный труд и старания в этом направлении. В целом работа комплаенса предполагает сотрудничество со всеми подразделениями Вуза, а также работу со студентами. Различные встречи, тренинги, семинары ведутся еще и по комплексному плану совместно утвержденному Жетысуским университетом и Департаментом Агентства РК по противодействию коррупции по области Жетысу. Здесь надо помнить и понимать, что противодействие коррупции это обязанность каждого.

— **Насколько интересна для Вас эта работа?**

— Я Вам скажу, направление включает в себя большой спектр возможностей: от работы с документацией до проведения превентивных мероприятий направленных на распространение принципов честности, добропорядочности и этики среди сотрудников организации, а в нашем случае и об-

— **Как оставаться в курсе событий?**

— Вы знаете, ведь каждый день мы видим глобальные и локальные изменения в различных сферах. Ясно, что юриспруденция и комплаенс – не исключение, так как тоже находятся в постоянном движении и развитии. Чтобы оставаться в курсе событий в этих сферах, нужно постоянно находиться в непрерывном потоке информации. В этом мне отлично помогают подписки на различные паблики, современные социальные сети как Instagram, Facebook. По направлению «Комплаенс» я слежу за новостями на сайтах государственных органов РК, Антикоррупционной службы РК, ООН по противодействию коррупции, таких новостных блогов, как Капитал Казахстана, РБК и КазПресс. По направлению «Юриспруденция» часто читаю блоги известных юристов, адвокатов, смотрю YouTube каналы MoscowLawyers, KazBar и т.д.

— **Чем вы занимаетесь, в таком глобально-обширном понимании, вне рамок самой профессии?**

— Я распоряжаюсь своим временем по-разному и не всегда полезно и продуктивно. Когда есть свободное время, занимаюсь изучением иностранных языков, в основном английского, встречаюсь с друзьями, провожу время в интернете, иногда играю на гитаре и читаю книги.

— **Азамат Болатович, благодарим Вас за интересную беседу и желаем Вам браво идей и верных решений, большой удачи в великих делах.**

— И вам огромное спасибо. Вся наша работа нацелена на то, чтобы знания, приобретенные молодежью, сформировали устойчивый иммунитет против любых коррупционных явлений в жизни студента.

7-8 стр. подготовлены Алтынай МАХИМОВОЙ.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

● Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева

Бас редактор: А. Иебекова
Тілші: С. Әшірбекова
Корректор: А. Махимова
Дизайнер: Н. Елшібеков
Фотограф: С. Туранов

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №646
Таралым 2000 дана